


«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 Қ.Р.Тайшыбай

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 Г.М.Жумагазина

«24» тамыз 2024ж

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған
«_2^a_» кластың жылдық тәрбие жоспары**

Класс жетекшісі: Сақалбаева Ғалипа Аманқосқызы



Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары**

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Құзыреттілік: инновациялық ойлау

1 қыркүйек – Білім күні

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

Апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

№	Іс- шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімдері
1	«Мектеп – мейірім мекені!» Білім күніне салтанатты жиын, бірыңғай сынып сағаты «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше қызмет нөмерлері.» (10 минут)	Әзірleme, ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	01.09. 2024ж 02.09.2024

Апта дәйексөзі:		«Жанұям-қорғаным,ата-анам тірегім!»		
2	Жол қауіпсіздігі ЖЖЕ №1 «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері» «Отбасым-бақыт мекенім» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы « Досыңызды ренжітсе не істеу керек?» (10 минут)	Сынап сағатының жоспары	Сынып жетекші	09.09.2024
Апта дәйексөзі:		«Ата көрген-оқ жонар,ана көрген-тон пішер»		
3	«Бәрі де Ана бір өзіңнен басталады... » сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» (10 минут)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	16.09.2024
Апта дәйексөзі:		«Ақырын жүріп анық бас,еңбегің кетпес далаға» (Абай)		
4	«Еңбектің наны тәтті...» танымдық сабақ Қауіпсіздік сабағы» сабағы «5 секунд» ережесі,бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?(10 минут)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	23.09.2024

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық Құзыреттілік: ұлттық мүдде

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

Апта дәйексөзі :	«Ел жұртымның бақыты аталатын,сөнбесін мәңгі сенің,Отан атың »			
1	«Қоғамға қызмет етемін» («Қамқор»жобасы аясында құстарға ұя,жемшашар жасау) Қауіпсіздік сабағы «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері» (10 минут)	әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	30.09.2024
Апта дәйексөзі:	«Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»			
2	«Даналық ұстаздан» челленджі «Ұстаз аты биік,әрі мәңгілік» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Желі арқылы танысу қаупі»(10 минут)	Ақпарат, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	07.10.2024
Апта дәйексөзі:	«Отанды сүйю-отбаснан басталады»			

3	«Кітап - асыл қазынам» танымдық сабақ ЖЖЕ №2 /Реттелмейтін жол қиылыстары./ Қауіпсіздік сабағы сабағы «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?» (10 минут)	әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	14.10.2024
Апта дәйексөзі:		«Отаным-алтын бесігім»		
4	25 қазан-Республика күні «Менің Қазақстаным менің болашағым»тәрбие сағаты сағаты Қауіпсіздік сабағы «Үйдегі ойын:қауіпсіздік шараларын сақтау» (10 минут)	Танымдық сабақ жоспары,ақпарат	сынып жетекші	21.10.2024
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы Құзыреттілік: қоғамға қызмет 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні 20 қараша- Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күні				

Апта дәйексөзі:	«Әділдік пен жауапкершілік- біртұтас ұғым»			
1	«Еңбекпен тапқан тиын...» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері» (10 минут)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	4.11.2024
Апта дәйексөзі:	«Тура биде туған жоқ»			
2	«Теңге-тәуелсіздік келбеті» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Төтенше қызмет нөмерлері» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	11.11.2024
Апта дәйексөзі:	«Жауапкершілік-адамгершілік қасиетін көрінісі»			
3	Халықаралық толеранттылық күніне арналған «Буллинг және кибербуллинг!» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	18.11.2024

Апта дәйексөзі:		«Әділетте берік болсаң аяғың таймайды»		
4	Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне арналған сынып сағаты «Достық –ұлы ұғым» сынып сағаты сабақ Қауіпсіздік сабағы « Досыңызды ренжітсе не істеу керек?» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	25.11.2024
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы Құзыреттілік: тиімді коммуникация 1-желтоқсан ЖИТС-ке қарсы күн 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Апта дәйексөзі:		«Бірлігі күші ел озады»		
1	«Әрбір бала бір жұлдыз жарқырауына жәрдем ет» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы « Мұз үстіндегі қауіптер» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	2.12.2024
Апта дәйексөзі:		«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»		
2	«Айналама қамқорлық	Ақпарат, танымдық	Сынып жетекші	9.12.2024

	жасаймын» Қауіпсіздік сабағы «5 секунд» ережесі,бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?(10 минут)	сабак әлеуметтік желіге жариялау		
Апта дәйексөзі:	«Бірлік болмай тірілік болмас»			
3	"Тәуелсіздік- теңдесі жоқ байлығым!" тәрбие сағаты ЖЖЕ №3 /Реттеуші және оның белгілері./ Қауіпсіздік сабағы «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері» (10 минут	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	18.12.2024
Апта дәйексөзі:	«Ынтымақ-бұзылмайтын қорған»			
4	«Жаңа жылдық тарту!» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Желі арқылы танысу қаупі»(10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	23.12.2024
Қаңтар – заң және тәртіп айы Құзыреттілік: адамзаттық парыз				
Апта дәйексөзі :	«Талап бар жерде тәртіп бар»			
1	«Мен адалдықты жақсы көремін»сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?» (10	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілері	13.01.2025

	минут)			
Апта дәйексөзі:	«Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік- өмірінің қас жауы»			
2	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Қауіпсіздік сабағы «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	20.01.2025
Апта дәйексөзі:	«Әділ заң- болашақ кепілі»			
3	«Адалдық пен әділдік» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері» (10 минут)	жоспар	Сынып жетекші	27.01.2025
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық Құзыреттілік: жасампаздық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні 15-ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
Апта дәйексөзі:	«Жасампаздық-бәрімізге өнеге»			
1	«Қауіпсіз интарнет» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше қызмет нөмерлері» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	3.02.2025
Апта дәйексөзі:	«Жаңашылдық –заман талабы»			
2	«Менің ертегім» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Төтенше	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	10.02.2025

	жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» (10 минут)			
Апта дәйексөзі:	«Өнер ақиқаты-жасампаздық»			
3	«Ой мен ойын» Қауіпсіздік сабағы «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»(10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	17.02.2025
Апта дәйексөзі:	«Бірлік пен жасампаздық-ел бағдары»			
4	«Мінез-адам көрсеткіші» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Мұз үстіндегі қауіптер»(10 минут)	Ақпарат, сайыс сабак әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	24.02.2025
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы Құзыреттілік: ұлттық мүдде 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Апта дәйексөзі:	«Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»			
1	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту»	ақпарат	Сынып жетекші	3.03.2025

	сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Мүз үстіндегі қауіптер»(10 минут) ЖЖЕ №4 / Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу./	әлеуметтік желіге жариялау		
Апта дәйексөзі:	«Отаншылдық-ұлы қасиет»			
2	«Ана –өмірдегі ұлы есім» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «5 секунд» ережесі,бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»(10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	11.03.2025
Апта дәйексөзі:	«Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм- бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл бөлігі мен қасиеті»			
3	«Наурыз-күт береке бастауы» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Желі арқылы танысу қауіпі» (10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	17.03.2025
		ақпарат	Сынып жетекші	

		әлеуметтік желіге жариялау	Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 1 сәуір – Халықаралық құстар күні 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
Апта дәйексөзі:	«Еңбек-қуаныш, жалқаулық- айырылмас азап»			
1	«Қанатты достарға қамқорлық» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері» (10 минут) ЖЖЕ №5 «Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағытын.)»	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	7.04.2025

Апта дәйексөзі:		«Саналы да ерікті еңбек еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»		
2	«Ғарыш әлеміне саяхат» танымдық сабақ Қауіпсіздік сабағы «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін» (10 минут)	акпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сын(ып) жетекші	14.04.2025
Апта дәйексөзі:		«Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»		
3	«Дұрыс тамақтану -саулық кепілі» танымдық сабақ Қауіпсіздік сабағы «Үйдегі ойын:қауіпсіздік шараларын сақтау» (10 минут	акпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші мектеп медбикесі	21.04.2025
Апта дәйексөзі:		«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дімін татып өсіп өнер»		
4	«Қоғамдық мүлікті қорға» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері» (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	28.04.2025
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы Құзыреттілік: тиімді коммуникация 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні				

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Апта дәйексөзі:		«Ынтымақ,бірлік,келісім-ең асыл байлық ел үшін»		
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»сынып сағаты ЖЖЕ №6 /Қорытынды сабақ/ Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»(10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	5.05.2025
Апта дәйексөзі:		«Ынтымақ-бұзылмайтын қорған, Қосылып еккен ағаш орман»		
2	«Ұлы Жеңіске - 80 жыл» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»(10 минут)	ақпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	12.05.2025
Апта дәйексөзі:		«Бірлігі кеткен ел жаман, Егесіп өткен ер жаман»		

3	«Имандылық-адам көркі» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»(10 минут)	акпарат әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші	19.05.2025
---	--	---------------------------------------	---------------	------------